

## Байзен СҮТЖАНОВ

Байзен Сүтжанов – алғашқы құрылысшы, оның өмірдерегін Екібастұз тарихынан бөліп қарастыруға болмайды.

Ол 1928 жылы Павлодар облысының Куйбышев ауданындағы Төртүй ауылында туған.

Еңбек жолын 1942 жылы бастаған, «Екібастұз» совхозында малшы болған. 1946 жылдан бастап Байзен өз өмірін Екібастұзбен байланыстырды. ГРП-да шығыршы, жұмысшы, слесарь болып істеген. 1964 жылдан бастап «Екібастұз шахта құрылысы» комбинатында құбыртөсеушілер бригадирі болып істеген. 1988 жылы зейнеткерлікке шықты. Байзен Сүтжановтың бригадасы құрылыстағы озат



бригадалардың бірі болды.

1980 жылы «Бағыр» кенішінің құрылысына қатысканы және жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін құбыртөсеушілер бригадирі Б.Сүтжановқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. «Еңбек Қызыл Туы» ордені және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін» медальдарымен марапатталған.

1987 жылы оған «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

1996 жылдың 7 мамырында қайтыс болды.

Қалалық «Қазақ тілі» қоғамының, қалалық ардагерлер кеңесінің, «Екібастұз шахта құрылысы» АҚ басқармасының ұсынуымен, Екібастұз қаласы әкімінің 1996 жылғы 17 қазандағы №450 шешімімен және ономастикалық комиссияның қорытындысымен Чапаев көшесі Байзен Сүтжанов атындағы көше болып қайта аталды.

## Николай Тимофеевич Бузин

Учаскелік инспектор Николай Тимофеевич Бузиннің есімі ол тыныштығын қорғаған азаматтардың, Екібастұздың тарихында мәңгі қалады.

Николай Тимофеевич Бузин 1950 жылы 5 қарашада туған. Милициядағы қызметіне дейін «Екібастұз» станциясындағы РГТО зауытында жұмыс істеген. Өзінің бос уақытын қоғамдық жұмыс-тарға арнаған, оперативті - комсомол отрядында жұмыс істеген, кәмелеттік жасқа толмағандар қылмысының алдын алу жөніндегі штаттан тыс қылмысты іздестіру инспекторы болған. Одан кейін қалалық комсомол комитеті ішкі істер органына жұмысқа жіберген. Онда учаскелік инспектор болып қызмет істеген, кіші лейтенант. Қысқа уақытта Николай өз учаскесінің қыр-сырын толықтай біліп алып, өзінің кішіпейілділігімен көзге түсті. Тұрғындардың көбін жыға танып, аты-жөндерін білетін.



1978 жылы II сәуірде азаматтардың өмірін қорғап, қызметін орындау үстінде қайтыс болды.

Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен қайтыс болғаннан кейін «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалімен марапатталған.

1978 жылы Николай Бузиннің ағындағы «Ең таңдаулы учаскелік инспектор» ауыспалы Қызыл жалауы тағайындалды.

1980 жылы II қаңтарда Екібастұз қалалық атқару комитетінің №13/1 2-ші шешімімен Школьный шолақ көшесі кіші лейтенант Н.Т.Бузиннің атымен қайта аталды.

## Төлеубай Шарапиұлы Арбиев

Төлеубай Шарапиұлы Арбиев 1937 жылдың 26 қазанында Лениногор қаласында дүниеге келді. Оның еңбек жолы 1954 жылы Лениногор полиметалл комбинатында басталды. 1957-1992 жылдарда, зейнеткерлікке шыққанша, Т.Арбиев Екібастұз көмір өнеркәсіптерінде адал қызмет етті. «Ертіскөмір құрылыс» тресінде қарапайым жұмысшы болып бастаған Төлеубай Шарапиұлы экскаватор машинисін даярлайтын курсты тәмамдап, 1968 жылы Оңтүстік кеніште экскаватор машинисі болды, 1974 жылдан бастап экскаваторлар бригадасының бригадирі қызметін атқарды. Ол әр істі тиянақты орындады. Партком, бірлестік пен кеніштің еңбек ұжымының Кеңес мүшесі болған Т.Арбиев Екібастұз аумақтық көмір өнеркәсіптерінің кәсіподақ ұйымына да сайланды. Кәсіподақтардың ХҮ съезіне, Қазақстан Компартиясының ХҮІ съезіне қатысты.

Т.Арбиев Ленин, «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, II, III дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен марапатталды. Ерен еңбегі үшін ол Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Төлейбай Арбиев 10 бала тәрбиелеп, өсірді. 1993 жылы қайтыс болды.

Л.И.Сагайдачная, Мемлекеттік Павлодар облыстық мұрағатының Екібастұз бөлімінің бастығы

